

Бурабай аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 13 сәуірдегі № С-25/4 "Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек жасау туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 8 сәуірдегі № С-32/3 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 сәуірде № 1-19-198 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № С-40/15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 12.23 № С-40/15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Бурабай аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Бурабай аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 13 сәуірдегі № С-25/4 «Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек жасау туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-178 тіркелген, 2010 жылғы 3 маусымда «Бурабай» газетінде, 2010 жылғы 3 маусымда «Луч» газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

1 т а р м а қ :

келесі мазмұндағы 5) тармақшасымен толықтырылсын:
«Жеңіс Күніне арналған бір жолғы ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне – 5000 (бес мың) т е ण г е ;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне – 3000 (үш мың) теңге;

«Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік социалистік республикалар одағының

ордендерімен және медальдерімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге.

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюдың жылдығына - Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысу себебінен мүгедек болған тұлғаларға - 5000 (бес мың) теңге».

2. Осы шешім Ақмола облысы Бурабай аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
<i>XXXII сессиясының төрағасы</i>	<i>М.Қаржаспаев</i>	
<i>Аудандық мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Г.Марченко</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Бурабай ауданының әкімі</i>	<i>В.Балахонцев</i>	
	<i>«Бурабай ауданының жұмыспен қамту</i>	<i>және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»</i>
<i>мемлекеттік мекемесінің бастығы</i>	<i>Ш.Бостамбаева</i>	